

**ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы
№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС**

Өткізілген уақыты: 29 тамыз 2026 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылының жұмыс барысы»



Бекітемін
ЖШС «Радуга» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
У.О.Серибаева 
«29» тамыз 2025 жыл

Педагогикалық кеңестер жоспары

3	ПЕДАГОГИК	№ 1 ПЕДКЕҢЕС: ТАҚЫРЫБЫ: Балабақшаның		Тамыз	меңгеруші,
	АЛЫҚ КЕҢЕСТЕР (ПК)	жаңа оқу жылына дайындығы МАҚСАТЫ: Балабақшада оқу-тәрбие жұмысының жоспарларын талқылау, бекіту. Жаңа оқу жылына қойылған мақсат міндеттерді айқындап, бекіту КҮН ТӘРТІБІ: 1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау. 2. 2025-2026 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың мазмұнын талқылау; 3. Балабақшаның жұмысының жылдық жоспарын бекіту 4. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын талдау. Жаңа нормативтік- құжаттарымен танысып, талқылау. 5. Аттестаттау комиссиясы құрылып, жоспары бекітілсін. 6. Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру 7. Жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту. 8. Ағымдағы мәселелер: Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы. 2025-2026 оқу жылында бекітілген топтар мен оларға жауапты тәрбиешілерді бекіту. КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру»			әдіскер, педагогтар

		№2 ПЕДКЕҢЕС: ТАҚЫРЫБЫ: Балабақшада қауіпсіз орта қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру. МАҚСАТЫ: Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту,	Тақырыптық кеңес	Қараша	меңгеруші, әдіскер, педагогтар
		салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, экологиялық тәрбие беру құралдарын талдау. КҮН ТӘРТІБІ: 1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы 2. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу. 3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, қауіпсіз орта» баяндама КЕЛЕСІ ПЕД КЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру»			

		№ 3 ПЕДКЕҢЕС: ТАҚЫРЫБЫ: Тәрбиеленушілердің қарым-қатынас дағдысы МАҚСАТЫ:Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру КҮН ТӘРТІБІ: 1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы 2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндама 3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» (кеңес) 4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі 5. Мемлекеттік аттестациялау. Өзін-өзі бағалау қортындысы. КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «Отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу»	Дәстүрлі	Қаңтар	менгеруші, әдіскер, педагогтар
		№4 ПЕДКЕҢЕС: ТАҚЫРЫБЫ : «Мектеп жасына дейінгі балаларды патриотизмге тәрбиелеу» МАҚСАТЫ: Отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу КҮН ТӘРТІБІ: 1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы 2. «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі» баяндама 3. Ұлттық ойындарға байланысты ойындар картотекасы (тәжірибе алмасу) КЕЛЕСІ ПЕД КЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: - 2024-2025 оқу жылында жүргізілген жұмыстарына талдау есебін жасау - Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда	Дөңгелек үстел	Сәуір	менгеруші, әдіскер, педагогтар

		ойынарқылыоқыту, түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балалардың даму деңгейінің қорытындысы.			
		№ 5 ПЕДКЕҢЕС: ТАҚЫРЫБЫ : «2025-2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау МАҚСАТЫ: Педагогикалық іс – әрекеттің тиімділігі, өнімділігін анықтау. КҮН ТӘРТІБІ: 1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы 2. Педагогтердің, психологтың, логопедтің, медбикенің 2025-2026 оқу жылының қорытынды есебі. 3. Балалардың мектепке дайындық деңгейін анықтайтын тест нәтижесімен таныстыру. Тренинг 4.2025-2026 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін тыңдау. 5.Әр түрлі мәселеле -МА тәрбиешілерін марапаттау - Жазғы сауықтыру іс-шаралары	Қорытынды	Мамыр	меңгеруші, әдіскер, педагогтар

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 29 тамыз 2025 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылының барысы»

Мақсаты: Балабақшада тәрбие жұмысының жоспарларын талқылау, бекіту.

Төрайымы: У.О.Серибаева

Хатшысы: С.Бозарбаева

Барлық педагогтар саны: 7

Қатысқан педагогтар саны: 7

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
Меңгеруші: У.О.Серибаева
2. Жас мамандармен таныстыру, тәлімгер бекіту. Әдіскер:
3. 2025-2026 оқу жылында бекітілген топтармен оларға жауапты тәрбиешілерді бекіту. Меңгеруші: У.О.Серибаева
4. Балабақша педагогикалық ұжымын 2026-2025 оқу жылының нұсқау хатымен таныстыру, ондағы өзгерістерді талқылау. Әдіскер: : У.О.Серибаева
5. Балабақшаның жылдық жоспарын, педагогтердің жылдық жоспарларын, оқу жоспарын, балалардың күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін талқылау, бекіту. Әдіскер:
6. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын талдау. Жаңа нормативтік-құжаттарымен танысып, талқылау. Меңгеруші: У.О.Серибаева
7. Педагогтердің өз білімін көтеру бағытында 2025-2026 оқу жылына арналған жоба тақырыптарын бекіту. Әдіскер:
8. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі педагогтерді жазғы сауықтыру шараларының жоспар бойынша жүзеге асырылғанын айтып, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Жаңа оқу жылындағы педагогтардың құрамымен ақпараттандырды. Сонымен қатар, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырып, педагогикалық кеңестің өз құрамынан бір жылдық мерзімде хатшы сайлау керектігін айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Әдіскер: : У.О.Серибаева

Тәрбиеші С.Бозарбаеваны хатшы етіп сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші С.Бозарбаеваны сайлауды ұсынды.

ШЕШІМІ:

1. С.Бозарбаева педагогикалық кеңестің хатшысы болып сайлансын.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, әдіскер жаңа оқу жылында педагогикалық ұжымға жаңадан қосылған жас мамандарды атап, оларға әдістемелік көмек көрсететін тәлімгерлерді тағайындады.

ШЕШІМІ:

1..

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша меңгерушісі 2025-2026 оқу жылындағы топтарғы жауапты тәрбиешілерін тағайындады.Олар:

Топтар	Жасы	Балалар саны	Тәрбиешілері
Кіші «Капельки»	2	20	С.Бозарбаева
Ортаңы «Улыбки»	3	25	М.Жулдасбекова
Ортаңғы «Солнышко»	3	25	Г.Асқарбековна
Ересек «Звёздочки»	4	25	Б.Батыркулова

ШЕШІМІ:

1.2026-2025 оқу жылында бекітілген топтар мен оларға жауапты тәрбиешілер бекітілсін.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері педагогтерді 2025-2026 оқу жылына арналған нұсқау хаттың мазмұнымен таныстырды.Әдістемелік нұсқау хатта 2025-2026 оқу жылындағы белгіленген негізгі міндеттердің бағытын атады.Соның негізінде балабақша 2025-2026 оқу жылына белгілеген міндеттері төменгідей екенін атады:

- Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмірсалты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- Тәрбиеленушілердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру;
- «Білімді ұлт» жобасы аясында шаралар ұйымдастыру арқылы балаларды Отанды, ана тілін сүйеу, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу.

Сонымен қатар, әдістемелік нұсқау хатта ұсынылған 2025-2026 оқу жылындағы басшылыққа алатын 21 нормативтік құқықтық құжаттарды атады.Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру білім беру ұйымдарының топтарында **заттық-дамытушы ортаны** талапқа сай ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатынын ескертті.Заттық-дамытушы ортаның балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз

бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта болуы керектігі айтылды.

Ағымдағы оқу жылының циклограммасына ұлттық, маусымдық киімдегі қуыршақтарды, «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығын, ойыншық жиһаз, ойыншық ыдыстар жиынтығы, машиналар, көліктер жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы), құммен ойнауға арналған жиынтық, ойыншықтар, туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар, көкөністер мен жемістердің муляждары тақырыбында сюжетті-рөлдік ойындар жоспарлауы ұсынылады.

ШЕШІМІ:

1. Балабақша педагогтеріне 2026-2025 оқу жылына арналаған әдістемелік нұсқау хаттың мазмұны таныстырылсын.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері 2025-2026 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жоспарымен таныстырды. Онда негізгі 7 бөлімнің қаралатыны айтылды.

Циклограмманы тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп жасайтынын айтты. ОАМ №382 бұйрығына сәйкес. Циклограммада ұйымдастырылған іс әрекеттер мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланатынын, циклограммада педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді кіріктіре отырып, шешу үшін, ұйымдастыратын түрлі балалар әрекетін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) айқындайтыны айтылды.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекеттер бөлімін құрастыруда алдымен тақырыбы егер болған жағдайда, ал тақырып болмаған кезде ойын немесе әрекет түрлері жазылып, Перспективалық жоспарда айқындалған әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша міндеттерге жету үшін бір күнге бірнеше міндеттер айқындалатыны айтылды. Осыған сәйкес балабақшада құрылған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі мен күн тәртібін ұсынды.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылына арналаған оқу мен тәрбие жоспары талқыланып, бекітілсін.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективтік жоспары талданып, бекітілсін.
3. Балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметтер кестесі бекітілсін.

6. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын алтыншы мәселе бойынша, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын талданды. Жаңа нормативтік-құжаттарымен

таныстырылды. Талдау барысында тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту бағытында болатыны айтылды.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшадағы тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда «Білімді ұлт» бағдарламасы басшылыққа алынсын.

7. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын жетінші мәселе бойынша, әдіскер педагогтердің өз білімін көтеру бағытында 2026-2025 оқу жылына арналған жоба тақырыптарын нақтылады. Алдымен, педагогтерге жобаның талабымен таныстырып, сол бойынша қазіргі таңда балабақшада маңызы бар тақырыптарды таңдауды сұрады. Сонымен қатар, жоба жұмысын 1, 2 немесе 3 педагог бірлесе жаасауға болатынын айтты. Педагогтердің таңдаған тақырыптары талқыланып, бекітілді.

ШЕШІМІ:

1. Балабақша педагогтерінің өз білімін көтеру бағытында 2026-2025 оқу жылына арналған жоба тақырыптары бекітілсін.

8. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын сегізінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі 2026-2025 оқу жылына аттестаттау комиссиясына құрамын сайлап, бекіту керектігін айтты. Сайланған комиссия құрамы жаңа форматта аттестатталушы педагог қызметкерлер мен оларға кеңестірілген тұлғалардың жұмыс барысын бақылап, портфолио жүйесінің дұрыс жасалуын қадағалайтынын айтты.

Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, аттестаттау комиссиясының хатшысы және мүшелері енгізіледі. Аттестаттау комиссиясына неғұрлым тәжірибелі педагог қызметкерлері кіреді. Аттестаттау комиссиясының мүшелері тақ саннан тұрады. Сол себепті біз биылғы оқу жылына бестен кем тұрмайтын аттестаттау комиссиясын сайлауымыз керек. Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңізді ортаға салуларын сұрады.

1. СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Әдіскер Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып, тәрбиеші орынбасары болып Ж. Садыкова, Мүшелері: тәрбиешілер М. Жулдасбекова ал хатшысы ретінде С. Бозарбаеваны ұсынамын деп сөзін аяқтады.

Педагогтар әдіскердің ұсынысын қолдай отырып, аталған тәрбиешілерге қарсылық білдірмейтіндігін айтты. Қатысушылар бір ауыздан ұсынысты қолдап, қарсылық білдірмейтіндіктерін айтты.

ШЕШІМІ:

1. Аттестаттау комиссиясының хатшысы болып С. Бозарбаева сайлансын. Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып У. О. Серибаева төрайымының орынбасары С. Бозарбаева, мүшелері болып Б. Батыркулова сайлансын.

2. Коммисия құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



У.О.Серибаева

Хатшы:



Б.Батыркулова

ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы

№ 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Өткізілген уақыты: 23 қараша 2025 жыл

Түрі: Тақырыптық кеңес

Тақырыбы: Балабақшада қауіпсіз орта қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру.

Мақсаты: Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, экологиялық тәрбие беру құралдарын талдау.

2025-2026 оқу жыл

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: 23 қараша 2025 жыл

Түрі: Тақырыптық кеңес

Тақырыбы: Балабақшада қауіпсіз орта қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру.

Мақсаты: Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, экологиялық тәрбие беру құралдарын талдау.

Төрайымы: У.О.Серибаева

Хатшысы: С.Бозарбаева

Барлық педагогтар саны: 7

Қатысқан педагогтар саны: 7

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Балабақшада қауіпсіз орта қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру» тәжірибе алмасу.
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, қауіпсіздік ережелері» баяндама

КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, комунативтік дағдыларын қалыптастыру»

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі У.О.Серибаева №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақша 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс жасап жатқанын айтты. Балалардың даму құзыреттілігін анықтайтын мониторинг жұмысының бастапқысы қыркүйек айында алынғанын, оның нәтижесі №4 педагогикалық кеңесте аралық мониторингпен салыстырмалы түрде көрсетілетінін айтты. Әдістемелік көмекті қажеттетін жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер өз жұмысын жасап жатқанын және тәрбиешілер өздеріне бекітілген топта жұмыс жасап жатқанын айтты.

ШЕШІМІ:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері «біздің балаларымыздың қауіпсіздігі неге байланысты?» деген сауалды ортаға салды. (балабақшадағы заттық орта, ойын алаңдарындағы қауіпсіздік, таңертеңгілік жаттығулар, серуендеу, желдету, күн тәртібін сақтау, дене шынықтыру, қимылды ойындар, дене жаттығулары, музыка сабақтары, ұйқыдан кейінгі жаттығулар, белсенді демалыс). Одан әрі «Қауәпсіздік дегеніміз не?», «Экологиялық тәрбие дегеніміз не?» деген сауалдарды ортаға салып талқылады.

"Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?" тақырыбында педагогтар өз тәжірибесімен бөлісетін болады. Біздің балабақшада күн сайын, барлық жас топтарында денсаулықты нығайтуға көмектесетін және балалардың дене бітімін жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дене жаттығуларының бірнеше түрлері ұсынылады.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшада балалардың қауәпсіздігі үшін, экологиялық тәрбие беру үшін жан – жақты дамуына жағдайлар жасалсын.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Ол білім беру процесінде қолданылатын балалардың денсаулығына пайдасын тигізетін барлық технологиялар денсаулық сақтау білім беру технологиялары болып табылады. Бізде мектепке дейінгі ұйымның ерекшелігін ескере отырып, баланың эмоциялық күйіне, оның толыққанды дамуына және әрбір баланың мектепке дейінгі ұйымда денсаулық деңгейін арттыруға ықпал ететін денсаулық сақтау білім беру процесін ұйымдастыруға жағдай жасалғанын айтты. Балабақша жағдайында құрылған денсаулық сақтау ортасы баланың әлеуметте бейімделуін, балалардың қимыл белсенділігін қажетсінуін іске асыруды және қимыл дағдыларын тиімді игеруді қамтамасыз етуге ықпал ететінін айтты.

ШЕШІМІ:

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тапсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



У.О.Серибаева

Хатшы:



С.Бозарбаева

ЖШС «Радуга» бөбежай балабақшасы

№ 3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Өткізілген уақыты: 25қаңтар 2026 жыл

Түрі:Дәстүрлі

Тақырыбы:Тәрбиеленушілердің қарым-қатынас дағдысы

Мақсаты:Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеуметтік, коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру

2025-2026оқу жылы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ. ХАТТАМА №3

Өткізілген уақыты: 25 қаңтар 2026 жыл

Түрі: Дәстүрлі

Тақырыбы: Тәрбиеленушілердің қарым-қатынас дағдысы

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру

Төрайымы:

Хатшысы:

Барлық педагогтар саны: 7

Қатысқан педагогтар саны: 7

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндама
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» (кеңес)
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі келесі педкеңеске тапсырма: «Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу»

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар жасалғанын, сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тауып жатқанын айтты.

ШЕШІМІ:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, тәрбиеші «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Онда мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативті құзыреті және оның құрылымы үш компоненттен (мотивациялық-жеке, мінез-құлық және танымдық элемент) тұратынын атап, оларға жеке тоқталды. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру балаға айналадағы адамдарды түсіну, ересектермен айқын тілде сөйлесу, жағдайға лайықты түрде сезім мен эмоцияларды

білдіріп, сұрақтар қоюға, ауызша және ауызша емес қарым-қатынас жолдарын пайдалануға мүмкіндік беретінін айтты. Ол үшін, оқу үдерісінде балалармен қарым-қатынас жасағанда, біз белгілі бір ережелерді сақтауы керек. Мәселен, әрбір баламен жеке байланыс орнатылуы тиіс, сіз баланың көз деңгейінде сөйлесу керексіз, баланың ойын соңына дейін тыңдаған жөн т.б.

ШЕШІМІ:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізілсін.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша, балабақша әдікері «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» тақырыбында кеңес берді. Балалардың әлеуметтік-жеке-тұлғалық дамуы – мектепке дейінгі білім беру үрдісі бағыттарының негізгілерінің бірі болып, адамгершілік және эстетикалық құндылықтармен тығыз байланыста екенін де атап көрсетуге болатынын айтты. «Ойын қызметін ұйымдастыруда әр балаға жеке тұлғалық қатынас баланың тұлғалық дамуында маңызды мағынаға ие. Осыны жақсы түсіне біліп, ойынды ұйымдастырғанда ұялшақ, өте белсенді, физикалық немесе психикалық дамуы тежеулі, ашуланшақ, ұрыншақ, ешкіммен араласа қоймайтын балалардың әрқайсысының жеке қасиеттерін ескере ұйымдастырған жөн» - деп кеңес берді

ШЕШІМІ:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игерту қолға алынсын.

4. ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері аралық мониторинг нәтижесін диаграмма арқылы көрсетті. Мониторинг баланың жетістіктерін қадағалау, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету, түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру және баланың Үлгілік бағдарларма мазмұнын игеру деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетінін айтты. Соның негізінде, аралық мониторинг 2026 жылдың қаңтар айында 4 топта жүргізілгенін айтты. **Оның ішінде 1 кіші топ, 2 ортаңғы топ, 1 ересек топ. Барлық топ бойынша бала саны - 95.**

Бұл көрсеткіштер әр жас ерекшелік бойынша салыстырмалы түрде көрсетілді және анықтамасы тәрбиешілер тарапынан да, әдіскер тарапынан да айтылды.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтар аралық мониторинг нәтижесіне сәйкес балаларды тәрбиелеу және дамыту тәсілдерімен қамтамасыз етіп, түзету іс-шаралары жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  У.О.Серибаева

Хатшы:



С.Бозарбаева

ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы

№ 4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Өткізілген уақыты: 26 наурыз 2026 жыл

Түрі: Дөңгелек үстел

Тақырыбы: «Білімді ұлт» бағдарламасы негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды патриотизмге тәрбиелеу

Мақсаты: Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу

2025-2026 оқу жылы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №4

Өткізілген уақыты: 26 наурыз 2026 жыл

Түрі: Дөңгелек үстел

Тақырыбы: «Білімді ұлт» бандарламасы мектеп жасына дейінгі балаларды патриотизмге тәрбиелеу

Мақсаты: Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу

Төрайымы: У.О.Серибаева

Хатшысы: С.Бозарбаева

Барлық педагогтар саны: 7

Қатысқан педагогтар саны: 7

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
2. ««Білімді ұлт» бандарламасы мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі» баяндама
3. Ұлттық ойындарға байланысты ойындар картотекасы (тәжірибе алмасу)

КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА:

- 2025-2026 оқу жылында жүргізілген жұмыстарына талдау есебін жасау
- Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда ойынарқылыоқыту, түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балалардың даму деңгейінің қорытындысы

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі: У.О.Серибаева №3

Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында жұмыстың жүргізіліп, балаларға әлеуметтік дағдылары игерту қолға алынғанын айтты. Педагогтар аралық мониторинг нәтижесіне сәйкес балаларды тәрбиелеу және дамыту тәсілдерімен қамтамасыз етіп, түзету іс-шаралардың жүргізіліп жатқанын айтты.

ШЕШІМІ:

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, тәрбиеші «**«Білімді ұлт» бандарламасы** мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі» тақырыбында баяндама оқыды. Онда жан - жақты дамыған, өз елінің патриоты болатын азаматты қалыптастыру мектепке дейінгі жастан басталатынын, осы жаста қалыптасқан еңбексүйгіштік, қайырымдылық, адамгершілік сияқты т.б. сезімдер рухани - патриоттық тәрбиенің негізін қалайтынын айтты. Баланың жеке тұлға болып дамуына негіз болатын азаматтық патриоттық тәрбие беру – балабақша жұмысының негізгі бағыттарының бірі деп айтуға болады. Ол үшін біз балалармен күнделікті төмендегідей әртүрлі іс-әрекеттерді өткізіп отыруымыз қажет, мысалы:

- отанды қорғауға бағытталаған ойындар;
- тақырыптық ертеңгіліктер;
- видео слайдтар қарау;
- баланың тілінің дамуын белсендіретін әңгімелер;
- бейнелеу, музыка әрекеттерінде (марштық композициялар, сапқатұру, балалардың музыка мен қозғалысырғағын бере білуде ғидылары т.б.).

ШЕШІМІ:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру жандандырылсын.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша, тәрбиеші Г. Жакиянова «Ұлттық ойындардың картотекасын» ұсынды. Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары. Ата – бабамыз ойынды тек баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың көзқарасы, мінез-құлқын қалыптастырып, бір жүйеге келтіретін тәрбие құралы деп санаған. Тәрбиеші ұлттық ойындардан картотека құрастырып, әріптестеріне ұсынды. Онда мектеп жасына дейінгі балаларға қолжетімді ойын түрлерін қамтып, мақсатын ашып көрсеткенін айтты. Ұлттық ойын арқылы балаларға төмендегідей тәрбие беруге болатынын айтты:

- а) ойын — тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді тәрбиелейді.
- ә) ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.
- б) ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
- в) эстетикалық тәрбие беру — өнерді, көркемдікті түсіндіру құралына айналады.
- г) еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

д) дене күшінің жетілуіне көмектеседі — ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады .

ШЕШІМІ:

1. Барлық топтарда балалардың жас ерекшелігіне сәйкес «Ұлттық ойындар картотекасы» жинақталсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



У.О.Серибаева

Хатшы:



С.Бозарбаева

ЖШС «Радуга» бөбекжай балабақшасы

№ 5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Өткізілген уақыты: 29.05.2026 жыл

Түрі: Аралас

Тақырыбы: 2025-2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау

Мақсаты: Педагогикалық іс – әрекеттің тиімділігі, өнімділігін анықтау

2025-2026 оқу жылы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

№5 Хаттама

Өткізілгін уақыты: 29.05.2026 ж

Түрі:Қорытынды

Тақырыбы: 2025-2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау

Мақсаты:Педагогикалық іс – әрекеттің тиімділігі, өнімділігін анықтау

Төрайымы: У.О.Серибаева

Хатшысы: С.Бозарбаева

Барлық педагогтар саны: 7

Қатысқан педагогтар саны: 7

Күн тәртібінде:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Педагогтердің, психологтың, логопедтің, медбикенің 2025-2026 оқу жылының қорытынды есебі.
3. Балалардың мектепке дайындық деңгейін анықтайтын тест нәтижесімен таныстыру. Тренинг:
4. 2025-2026 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін тыңдау.
5. Әр түрлі мәселелер:
- Жазғы сауықтыру іс-шаралары

Қаралды

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі педагогтардың педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтарды қадағалап, күн тәртібімен таныстырды. Сонымен қатар, №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде ақпарат берді.

ШЕШІМІ:

1. №6 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, барлық топтың тәрбиешілері, психолог, медбике 2025-2026 оқу жылында жүргізген жұмыстары бойынша қорытынды есеп берді. Тәрбиешілері топтатағы бала саны, ұлты туралы ақпарат берді. Тәрбиешілер өздерінің жұмыс жасаған бағдарламасын айта келе, ай сайынғы мерекелік іс-шараларға тоқталды. Мамыр айында жеңіс күніне орай тәрбие сағатын, ата-аналар жиналысын өткен. Мамыр айында ересек тобының балабақшамен қоштасу мерекесіне тоқталып кетті.

Шешімі: Балабақша педагогтарының 2025-2026 оқу жылындағы қорытынды есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша, балабақша психологі өзінің жоспарына сәйкес балалармен, педагогтармен және ата-аналармен жүргізген жұмыс жоспарының қорытындысын айта келе, ересек топ балаларының мектепке дайындық деңгейінің тест қорытындысымен таныстырды.

Шешімі: ересек топ балаларының мектепке психологиялық дайындығы анықталып, қорытындысы ата-аналарға таныстырылсын

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Төртіншімәселе бойынша, балабақша әдіскері 2025-2026 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін айтты.

Балабақшада меңгеру деңгейі I, II, III тоқсанда жүргізілетін мониторинг қорытындысымен анықталады. 2025 жылдың қорытынды мониторингі 15 мамырда 4 топта онлайн форматта жүргізілді. Оның ішінде кіші топ 1, ортаңғы топ 2, ересек топ 1, Жыл соңында барлық топ бойынша бала саны -95 .

Бұл мониторинг педагогтардың бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі.

2025-2026 оқу жылының қорытынды мониторингінің нәтижесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын толық орындады.

Шешімі: Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес алынған мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

5.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері жаз мезгіліне әдіскер тарапынан жасалатын жоспарда қарастырылған мәселелермен таныстырды. Ол жоспар маусым, шілде, тамыз айларына жасалып, меңгерушімен бекітілгенін айтты. Ал, тәрбиешілерге арналған жаздық циклограмма жасау туралы айтты.

ШЕШІМІ:

1.Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітіліп, педагогтармен таныстырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



У.О.Серибаева

Хатшы:



С.Бозарбаева